

Науырзым аудандық мәслихатының 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 268 "Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 303 шешімі

Науырзым аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Науырзым аудандық мәслихатының "Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 268 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Дәмді ауылдық округінің 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 44854,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 4992,0 мың теңге;

трансферт түсімі бойынша – 39862,0 мың теңге;

2) шығындар – 50912,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – -6058,9 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6058,9 мың теңге

;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары - 6058,9 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Г. Әбенова

Науырзым аудандық мәслихатының

2026 жылғы 15 мамырдағы

№ 303 шешіміне

қосымша

Науырзым аудандық мәслихатының

2026 жылғы 8 қаңтардағы

№ 268 шешіміне

1-қосымша

Дәмді ауылдық округінің 2026 жылға арналған бюджеті

Санаты	
--------	--

Сыныбы		Ішкі сыныбы			Сомасы, мың теңге	
		Ерекшелігі				
					Атауы	
					I. Кірістер	44854,0
1					Салықтық түсімдер	4992,0
	01				Табыс салығы	3570,0
		2			Жеке табыс салығы	3570,0
	04				Меншікке салынатын салықтар	1422,0
		1			Мүлікке салынатын салықтар	72,0
		3			Жер салығы	0,0
		4			Көлік құралдарына салынатын салық	1350,0
5					Трансферттердің түсімдері	39862,0
	02				Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	39862,0
		3			Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	39862,0
Функционалдық топ						
	Кіші функция					
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама				
					Атауы	
					II. Шығындар	50912,9
01					Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	41071,9
					Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын	

	1			орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	41071,9
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	41071,9
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40651,5
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	420,4
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6687,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	6687,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6687,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3018,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3000,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	669,0
12				Көлік және коммуникация	3154,0
	1			Автомобиль көлігі	3154,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3154,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3154,0
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
				IV. Бюджет тапшылығы (профициті)	-6058,9
				V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	6058,9

